

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 2004 жылға арналған номенклатурасын және олардың көлемін (пайызбен көрсеткенде) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы N 284 қаулысы

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңы 8-бабының 2-2-тармағына және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 2004 жылға арналған номенклатурасы бекітілсін.

2. Конкурстарды ұйымдастырушылар осы қаулыға қосымшада санамаланған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алуды заңнамада белгіленген тәртіппен осы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің кемінде 20 пайызы көлемінде жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

5

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 8 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 2004 жылға арналған номенклатурасы

1. Азық-түлік тауарлары:
 - 1) ұн;
 - 2) нан, нан-тоқаш өнімдері;
 - 3) макарон өнімдері;
 - 4) жармалар;
 - 5) сүт, кілегей;
 - 6) сары майлар және өсімдік майлары;
 - 7) ашыған сүт өнімдері;

- 8) ет (жас, консервіленген), ет өнімдері;
- 9) шұжық өнімдері;
- 10) балықтан жасалған өнімдер (жас, жас мұздатылған, қақталған);
- 11) алкогольсіз сусындар, шырындар;
- 12) кондитерлік бұйымдар;
- 13) жұмыртқа;
- 14) табиғи бал;
- 15) балалар тағамы;
- 16) көкөністер, жемістер (консервіленген), картоп;
- 17) қант (құмшекер, шақпақ қант, кесек қант);
- 18) тұз;
- 19) тауықтар (тауықтың саны);
- 20) кептірілген жемістер;
- 21) ашытқылар;
- 22) томат пастасы;
- 23) тұздықтар;
- 24) ауыл шаруашылығы шикізаты;
- 25) теңіз өнімдері, балықтан және теңіз өнімдерінен жасалған консервілер;
- 26) ірімшік (қатты, жұмсақ тұздалған);
- 27) татымды заттар және дәмдеуіштер;
- 28) сорпа концентраттары;
- 29) саңырауқұлақтар;
- 30) бақша жемістері мен жабайы жемістер.

2. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар:

1) теріден (табиғи, жасанды) тігілген киімдер және оның керек-жарақтары теріден тігілген бас киімдер;

2) әскерилендірілген құрамалар үшін арнайы киім-кешекті қоспағанда тоқыма өнеркәсібінің өнімдері;

3) әскерилендірілген құрамалар үшін арнайы киім-кешекті қоспағанда, тігін бұйымдары;

4) аяқ киім;

5) аяқ киім майы;

6) тұрмыстық, мектептік және офистік жиһаз;

7) құрылыс материалдары:

тұсқағаз қағазы (тұсқағаздар) және басқа да қабырғалық жабындылар; едендерге төселетін, пештерді қаптайтын тақталар;

к і р п і ш ;

ц е м е н т ;

қ ұ м ;

- кесілген ағаш материалдары;
ағаш бұйымдары;
шыны пакеттер;
санфаянс;
пенопластикалық тақталар;
пластмассадан жасалған құрылыс бұйымдары (есіктер, табалдырықтар, терезелер,
кәсектер, терезе қақпақтары);
табиғи тастан жасалған әрлеу материалдары мен бұйымдар, толтырғыштар, табиғи
тастан жасалған жолға төсеу материалдары (қиыршық тастар, ұсақ тастар);
полиэтилен құбырлары;
жылу сақтайтын материалдар;
лак бояу бұйымдары;
еден жабуға арналған линолеум және басқа да полимер материалдар;
шегелер;
- 8) алюминийден, резеңкеден жасалған бұйымдар;
9) кабель өнімдері;
10) жууға арналған заттар;
11) ағаштан, қыштан (фарфор, фаянс) жасалған бұйымдар;
12) музыкалық аспаптар;
- 13) дәрілік заттар, медициналық техника, медициналық мақсаттағы бұйымдар және
санитарлық-гигиеналық мақсаттағы заттар;
14) жабдықтар:
стандартқа сай емес жабдықтар;
тұшыту жабдықтары;
15) кеңсе тауарлары;
- 16) дәрілік препараттар өндіруге арналған минералдық шикізат;
17) тоқыма шикізаты;
18) отын (көмір, мазут, ағаш);
19) жер бетіндегі органикалық заттар;
20) көшіру-көбейту және ұйымдастыру техникасы, жинақтауыштар;
21) ұйымдастыру техникасына қосалқы бөлшектер (бағдарламалық қамтамасыз ету)
;
- 22) қой терісінен жасалған бұйымдар;
23) қаракөл, қаракөл терісінен жасалған бұйымдар;
24) киізден жасалған бұйымдар;
25) әйнектен жасалған тұрмыстық бұйымдар;
26) пластмассадан жасалған тұрмыстық бұйымдар;
27) қолөнершілер бұйымдары;
28) машина жасау және басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарына арналған жинақтауыш

бұйымдар

мен материалдар;

29) бау-бақша, бақша аспаптары;

30) былғарыдан жасалған бұйымдар.

3. Жұмыстар мен қызметтер көрсету:

1) жөндеу-құрылыс жұмыстары;

2) автомобиль техникасын жөндеу;

3) полиграфиялық;

4) көліктік-экспедициялық;

5) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу;

6) ғұрыптық;

7) заңды және нотариалдық;

8) қоғамдық тамақтандыру қызметі;

9) делдалдық, оның ішінде жанар-жағармай материалдарын сақтау мен сату жөнiндегi ;

10) тұрғын үй-коммуналдық;

11) тұрмыстық (монша-кір жуу химиялық тазалау);

12) ұйымдастыру техникасын, бақылау-касса машиналарын, дыбыс және бейне техникаларды жеткізіп беру және оларға қызмет көрсету жөнiндегi қызметтер;

13) интернет-провайдер қызметі;

14) көшіру-көбейту және ұйымдастыру техникаларына қызмет көрсету;

15) шаштараз;

16) киімдер, арнаулы киімдер тігу және жөндеу;

17) суретке түсіру қызметтері;

18) белгі, медаль, марапаттау кубоктары, вымпелдер, ту дайындау;

19) туризм;

20) жалға беру қызметтері;

21) аяқ киім жөндеу;

22) былғары, пластмасса және металл галантереяларын жөндеу;

23) балалар мен мектеп мекемелеріне тамақ өнімдерін жеткізіп беру;

24) жарнамалық-ақпараттық, баспалық қызметтер көрсету;

25) аударма ісі қызметін көрсету;

26) мөртабан-мөр және жібек жазба;

27) эстетикалық қызметтер көрсету (визаж, косметологтардың қызметтер көрсетуі мен консультациялар).